

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2015 жылдың 25 желтоқсанындағы
№ 28 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2016 жылдың 01 қаңтарынан бастап
қолданысқа енгізілді

Директорлар кеңесінің шешімдері туралы ақпаратты ашу **ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" заңының 79 бабы 4 тармағын орындау мақсатында, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленіп "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдердің сұрақтары бойынша Биржа акционерлерінің назарына жеткізілуі тиіс ақпараттың тізімін, сондай-ақ аталмыш ақпаратты Биржа акционерлерінің назарына жеткізу тәртібін анықтайды.

1. Биржа акционерлерінің назарына жеткізілуі тиіс, шешімдердің сұрақтары бойынша Биржа акционерлерінің назарына жеткізілуі тиіс ақпараттың тізімі осы Ережелердің қосымшасында берілген.

Аталмыш қосымшада аталмыш ақпараттың Биржа акционерлерінің назарына жеткізу тәртібі, осы ақпараттың түрлері бойынша жіктелген түрде берілген.

2. Осы Ережелердің 1 тармағында аталған, ақпарат Биржа акционерлерінің назарына келесідей амалдармен:

- 1) Биржаның www.kase.kz¹ интернет-ресурсында жариялау арқылы;
- 2) Биржаның акционерлерінің жеке бірыңғайланған хабарламалар² жолдау арқылы жеткізіледі.

3. Осы Ережелердің 1 тармағында белгіленген ақпарат пен Биржа акционерлерінің назарына жеткізілетін ақпарат Биржаның www.kase.kz³ интернет-ресурсында жариялау арқылы жеткізіліп, аталмыш ресурста қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде (осы тармақтың екінші абзацында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) жеткізіледі.

Аталмыш ақпараттың ағылшын тіліндегі нұсқасының осы Ережелерде белгіленген мерзімнен кейінірек жариялануына, егер осындай кідіріс ақпараттың көлемдігіне, немесе оның күрделілігіне байланысты болса, рұқсат етіледі. Бұл ретте Биржа аударудың неғұрлым тездетілуіне, егер осындай тездету аудару сапасын төмендетпесе, бар ынта-жігерін жұмсайды.

4. Осы Ережелердің 1 тармағында белгіленген ақпарат пен Биржа акционерлерінің назарына жеткізілетін мәліметтер, оларға қазақ және/немесе орыс тілінде (тілдерінде) жеке бірыңғайланған хабарламаларды, Қазақстан Республикасы заңнамасының, Биржа жарғысының және ішкі құжаттарының нормаларын орындауды қамтамасыз ете отырып, жолдау арқылы жеткізіледі.
5. Осы Ережелерде реттелмеген, сұрақтар Қазақстан Республикасының заңнамасына, Биржаның жарғысына және ішкі құжаттарына, сондай-ақ, тиісті тәртіпте және құзіреттілігі шегінде қабылданған, Биржаның органдары мен лауазымды тұлғаларының шешімдеріне сәйкес реттеледі.

Басқарма Төрағасы

Е.А. Біртанов

¹ Биржа жарғысының 21 бабы 5 тармағына сәйкес, Биржаның жылдық қаржылық есеп берушілігінен басқа, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс, Биржаның қызметі туралы ақпарат оның www.kase.kz жеке интернет-ресурсында жарияланады.

² Биржа жарғысының 21 бабы 2 тармағының екінші абзацына және 5 тармағының екінші абзацына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Биржа акционерлеріне ұсынылуы тиіс Биржаның қызметі туралы аталмыш баптың 1 және 2 тармақтарында белгіленгеннен басқа ақпарат, Биржа акционерлерінің назарына бірыңғайланған жазбаша хабарламалар түрінде, соның ішінде Биржа акционерлерінің жалпы жиналыстарын дайындау шегінде (Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі сұрақтардың материалдары ретінде) жеткізіледі.

³ Биржа жарғысының 21 бабы 5 тармағына сәйкес, Биржаның жылдық қаржылық есеп берушілігінен басқа, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс, Биржаның қызметі туралы ақпарат оның www.kase.kz жеке интернет-ресурсында жарияланады.

Директорлар кеңесінің шешімдері туралы ақпаратты ашу ережелеріне

қосымша

Биржа акционерлерінің назарына жеткізілуі тиіс, Директорлар кеңесінің шешімдері⁴ бойынша сұрақтардың және осындай жеткізу тәртібінің⁵

ТІЗІМІ

№ р/с	Сұрақ	Жеткізу амалы	Жеткізу мерзімі
A	1	2	3
1.	Биржа қазыметінің және оның даму стратегиясының приоритеттік бағытталын анықтау	www.kase.kz ⁶	1D ⁷
2.	Биржа акционерлерінің жалпы жиналысын шақырту туралы шешім қабылдау, оның күн тәртібін қалыптастыру, акционерлердің жалпы жиналысын өткізу формасын (акционерлердің жалпы жиналысын сырттай немесе аралас дауыс беру арқылы өткізу), акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күнін, уақытын, орнын анықтау, акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімін анықтау, акционерлердің болмай қалған жалпы жиналысының орнына қайталама жиналыстың өткізу күні, мен уақытын анықтау	www.kase.kz UIN ⁹	PT ⁸
3.	Биржаның акцияларын орналастыру немесе кері сатып алынған акцияларды сату туралы, соның ішінде Биржаның орналастырылатын (сатылатын) акцияларының саны, орналастыру (сату) амалы мен бағасын анықтау бойынша шешім қабылдау	www.kase.kz	PT

⁴ Осында және әрі қарай Кеңес деп Биржаның Директорлар кеңесін түсін керек.

⁵ Сұрақтардың тұжырымдамасы Биржа жарғысының 16 бабы 1 тармағының редакциясына сәйкес келтірілген.

⁶ Биржаның www.kase.kz интернет-ресурсында ақпаратты жариялау арқылы.

⁷ Директорлар кеңесі шешім қабылдаған күннен кейінгі келесі жұмыс күннен кешіктірмей. 1D – ағылшын сөзтіркесінің аббревиатурасы "one day" ("бір күн").

⁸ Қазақстан Республикасының заңнамасының, Биржаның жарғысының және ішкі құжаттарының нормасын орындауды қамтамасыз ететіндей, мерзімде. PT – ағылшын сөзтіркесінің аббревиатурасы "proper term" ("тиісті мерзім").

⁹ Биржа акционерлеріне бірыңғайланған жазбаша хабарламалар жолдау арқылы. UIN – ағылшын сөзтіркесінің аббревиатурасы "unified individual notice" ("бірыңғайланған жеке хабарлама").

Директорлар кеңесінің шешімдері туралы ақпаратты ашу ережелері

№ р/с	Сұрақ	Жеткізу амалы	Жеткізу мерзімі
А	1	2	3
4.	Биржамен бұрын орналастырылған акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын кері сатып алу, кері сатып алудың бағасын анықтау туралы шешім қабылдау	www.kase.kz	PT
5.	Директорлар кеңесінің комитеттері туралы қағиданы (қағидаларды), сондай-ақ осы қағидаға (қағидаларға) енгізілетін өзгертулер мен толықтыруларды бекіту	www.kase.kz	1D
6.	Бириржамен облигацияларды немесе туынды қаржы құралдарын шығару туралы шешім қабылдау, олардың шығарылым аңдатпаларының шарттарын анықтау	www.kase.kz	PT
7.	Биржа Басқармасының сандық құрамы мен өкілеттілік мерзімін анықтау, Басқарма Төрағасын және басқа да мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттілігін мерзімнен бұрын тоқтату	www.kase.kz	PT
8.	Биржаның ішкі құжаттарын бекіту, соның ішінде, Биржаның бағалы қағаздарын орналастыру бойынша аукцион өткізу және Биржаның бағалы қағаздарына жазылым жүргізудің Биржаның шарттары мен тәртібін анықтайтын, сондай-ақ осы құжаттарға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы Биржаның ішкі құжаттарын бекіту.	www.kase.kz	1D
9.	Биржаның филиалдарын және өкілеттіліктерін құру және жабу туралы, Биржаның филиалдары мен өкілеттіліктері туралы қағидаларды бекіту туралы, сондай-ақ осы қағидаларға өзгертулер мен толықтыруларды енгізу туралы шешімдерді қабылдау	www.kase.kz	1D
10.	Принятие решения о приобретении (отчуждении) Биржей акций (долей участия в уставном капитале) другого юридического лица в количестве, составляющем 10 и более процентов от общего количества размещенных акций (долей участия в уставном капитале) данного лица	www.kase.kz	PT
11.	Биржаның меншікті капиталының жалпы көлемінен 10 және одан аса пайызын құрайтын, мөлшерде Биржаның міндеттемелерін ұлғайту туралы шешім қабылдау	www.kase.kz	PT
12.	Ірі мәмілелер және Биржаның мүддесі бар мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау	www.kase.kz	PT
13.	Биржа мүшелігіне қабылдау және Биржа мүшелігінен шығару туралы шешім қабылдау	www.kase.kz	1D
14.	Биржамен жүзеге асыратын қызметі шегінде алынатын, жарналардың, алымдардың және басқа да сомалардың көлемдері, төлеу тәртібі мен мерзімдерін анықтау	www.kase.kz	1D

Директорлар кеңесінің шешімдері туралы ақпаратты ашу ережелері

№ р/с	Сұрақ	Жеткізу амалы	Жеткізу мерзімі
A	1	2	3
15.	Биржаның жылдық қаржылық есеп берушілігін алдын ала бекіту	www.kase.kz	1D
16.	Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе Биржаның ішкі құжаттарымен Директорлар кеңесінің айрықша құзіреттілігіне жатқызылған сұрақтар бойынша шешім қабылдау	www.kase.kz	PT